



ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ПАРЛАМЕНТТІК АССАМБЛЕЯСЫ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ

ОНЫНШЫ ОТЫРЫС

Астана (онлайн форматта), 2023 жылғы 20 сәуір

ҰСЫНЫМ

ТҮРКПА МҮШЕ ЕЛДЕРІНДЕГІ САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІНІҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ: ЖАҢА ЖАҒДАЙ ШАРТТАРЫНДА КӨЛІКТІК ҚАҢҚАНЫҢ БОЛАШАҒЫ

Парламенттік Ассамблея:

ТҮРКПА мүше елдеріндегі сауда-экономикалық әлеуетінің интеграциясын **құптай отырып**;

геосаяси және халықаралық әлеуметтік-экономикалық жағдайдың жаңа шарттары ТҮРКПА ынтымақтастығына өз әсерін тигізетіндігін **түсіне отырып**, соған байланысты жаңа жағдай шарттарында ТҮРКПА өңірінде көліктік-транзиттік мүмкіншіліктерді пайдалануға бар күш-жігерді жұмсауға дайын екенін **растай отырып**;

ТҮРКПА мүше елдері мақұлдаған халықаралық келісімшарттарда белгіленген ТҮРКПА аумағынан өтетін транзиттік шарттарды орындаудың қажеттілігін **мойындай отырып**;

халықаралық тасымалдауды ТҮРКПА өңірінде жеңілдетуге және ТҮРКПА өңірінде халықаралық сауданы дамытуға жәрдемдесуге өз ниетін **білдіре отырып**;

ТҮРКПА мүше елдер ынтымақтастығының, олардың өзара ақпарат алмасуының және сауда-экономикалық әлеуетінің интеграциясын

ынталандыру мақсатында көліктік қаңқаны жетілдіруге бағытталған бірлескен іс-қимылдарының артықшылықтарын **сезіне отырып**;

ТҮРКПА аумағында көліктің барлық түрлерімен тасымалданатын транзиттік тауарлардың және ТҮРКПА мүше елдерінің өзара тұтынатын тауарлардың қозғалысын және адамдар тасымалын жеделдетуге ұмтылатындығын **растай отырып**;

тұрақты өсу мен экономикалық дамудың маңызды элементі ретінде сауда-экономикалық әлеуетінің интеграциясын ынталандыру мақсатында көліктік қаңқаны жетілдіру қажеттілігін **түсіне отырып**;

Парламенттер мен парламентшілердің заңнаманы қабылдау, бюджеттерді бекіту, ресурстарды жұмылдыру арқылы ұлттық экономиканың сауда және көлік секторларында маңызды рөл атқаратынын **назарға ала отырып**;

Парламенттердің заңнама тұрғысынан көліктік-транзиттік саланы институционалдық, инфрақұрылымдық және қаржылық қолдауды қамтамасыз етудегі негізгі рөлін **ескере отырып**,

ТҮРКПА мүше елдердің парламенттеріне келесіні **ұсынады**:

- a) кейіннен ТҮРКПА мүше елдердің заңнамасын үйлестіруге және жақындастыруға бағыттайтын көлік және транзит мәселелеріне қатысты құқықтық базаны **жетілдіру**;
- b) әсіресе, заңнамалық салада COVID-19 пандемиясы немесе ұқсас форс-мажор жағдайларын ескере отырып, көліктік және транзиттік бастамаларды қолдау үшін ТҮРКПА мүше елдердің әртүрлі мемлекеттік құрылымдары арасындағы ынтымақтастық пен қызметті үйлестіру жолдарын **іздеу**;
- c) ТҮРКПА мүше елдері арасындағы жолаушылар ағынын күшейту мақсатында астаналары мен үлкен қалалары арасында тұрақты әуеқатынасты қалыптастыру мүмкіндіктерін **қарастырып, іске асыру**;
- d) ТҮРКПА мүше елдердегі көлік-транзиттік маршруттардың түйіскен жерлерінде «тар тамақтардың» қалыптасу салдарларын **зерттеп**, мүдделі тараптармен бірлесіп шешу жолдарын **анықтау**;

- e) ТҮРКПА өңіріндегі теңіз және «құрғақ» порттар тораптарының қызметін өзара синхрондау мәселелерін *талдал*, жүйеге келтіру үшін құзыретті органдармен қажетті іс-шараларды *жүргізу*;
- f) көлік-транзиттік саясатты әзірлеуде кешенді және икемді тәсілді қолдану және осы саладағы бюрократиялық кедергілерді немесе іске асыру қателерін жою үшін сарапшылар арасында тұрақты негізде консультациялар *өткізу*;
- g) ТҮРКПА мүше елдердің тиісті саладағы заңнамасын жақындастыру мақсатында мүдделі тараптарға арналған сауда-экономикалық әлеуеттің интеграциясын ынталандыруға бағытталған инвестициялық бағдарламаларды тиімді пайдалануға байланысты ұлттық және халықаралық озық тәжірибені *зерделеу*, тиісті құжаттарды *жинау* және *талдау*;
- h) транзиттік тауарлардың және ТҮРКПА мүше елдерінің өзара тұтынатын тауарларының қозғалысын қамтамасыз ететін ТҮРКПА мүше елдердің автотасымалдаушылары үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған шараларды *ынталандыру*;
- i) ТҮРКПА аумағында көліктің барлық түрлерімен тасымалданатын транзиттік тауарлардың қозғалыс әлеуетін барынша іске асыру мақсатында ТҮРКПА мүше елдердің тасымалдаушылары үшін квоталық мәселелер мен транзитқа қатысты рұқсат құжаттарын ыңғайлы шарттармен жасау мүмкіндіктерін *қарастыру*;
- j) ТҮРКПА өңірінде көлік-транзиттік әлеуетті барынша қолдану үшін ТҮРКПА мүше елдеріндегі вагон паркі мен локомотивтік тарту паркінің тапшылығын еңсеру бойынша бірлескен сарапшылар тобының тұрақты жиындарын *өткізу* және осы мәселені шешуге басымдық *беру*;
- k) сауда-экономикалық интеграция саласындағы зерттеушілер мен тәжірибешілерге көмектесетін деректерді *жинау* және *тарату* әрі тиісті саладағы ТҮРКПА мүше елдер арасындағы ынтымақтастықтың басымдықтарын *айқындау*.